**Еркін қойма аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағында еркін қойма иесі өткізетін, өткізу бойынша айналымдары қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың тізбесін және еркін қойма аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасы аумағының қалған бөлігіне өткізілетін, өткізу бойынша айналымдары қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 133 Қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 99 бұйрығын қараңыз.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 49-бабына және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) еркін қойма аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағында еркін қойма иесі өткізетін, өткізу бойынша айналымдары қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың тізбесі;

2) еркін қойма аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасы аумағының қалған бөлігіне өткізілетін, өткізу бойынша айналымдары қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы

№ 133 қаулысымен бекітілген

# Еркін қойма аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағында еркін қойма иесі өткізетін, өткізу бойынша айналымдары қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың тізбесі

| № | Атауы | КО СЭҚ ТН коды | ЭҚ ӨЖ коды |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Сұйықтықтарды немесе ұнтақтарды лақтыруға, шашыратуға немесе тозаңдатуға арналған (қолмен басқару тетігі бар немесе онсыз) механикалық құрылғылар, жаңалары | 8424 81-ден | 28.30.60 |
| 2 | Топырақты дайындауға және өңдеуге арналған ауыл шаруашылығы, бау-бақша немесе орман шаруашылығы машиналары, жаңалары | 8432-ден (8432 80 000 0-ден басқа) | 28.30.31 28.30.32 28.30.33 |
| 3 | Пресс-жинағыштарды қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарын жинауға немесе бастыруға арналған машиналар немесе тетіктер, сабанды немесе пішенді дестелерге буып-түюге арналған престер, пішен шалғылары, жаңалары | 8433 20-дан, 8433 30 000 0-дан, 8433 40 000-тан, 8433 51 000-ден, 8433 52 000 0-ден, 8433 53-тен, 8433 59-дан | 28.30.59 28.30.91 |
| 4 | Жұмыртқаларды, жемістерді немесе басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін тазалауға, сұрыптауға немесе калибрлеуге арналған машиналар, жаңалары | 8433 60 000 0 | 28.93.20 |
| 5 | Тұқымдарды, астықты немесе құрғақ бұршақ дақылдарын тазартуға, сұрыптауға немесе калибрлеуге арналған машиналар; ауыл шаруашылық фермаларында пайдаланылатын жабдықтан басқа, ұн тарту өнеркәсібіне арналған немесе дәнді немесе құрғақ бұршақ дақылдарын өңдеуге арналған жабдық, жаңалары | 8437-ден | 28.93.20 |
| 6 | Ауылшаруашылық жұмыстарына арналған шынжыр табанды тракторлар және орман шаруашылығына арналған тракторлар, жаңалары | 8701 30 000 9 | 28.92.50 |
| 7 | Ауылшаруашылық жұмыстарына арналған тракторлар ( қатар жүретін жүргізуші басқаратын тракторларды қоспағанда) және орман шаруашылығына арналған тракторлар, дөңгелекті, жаңалары | 8701 90-нан (8701 90 5000-ден басқа) | 28.30.21 28.30.22 |
| 8 | Жүргізушіні қоса алғанда 10 немесе одан көп адам тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары, жаңалары | 8702-ден (8702 10 19, 8702 10 99, 8702 90 19, 8702 90 39-дан басқа) | 29.10.30 |
| | | 8703-тен (8703 10, 8703 21 90, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Жеңіл автомобильдер және негізінен адамдарды тасымалдауға арналған өзге де моторлы көлік құралдары, жүк-жолаушы автомобильдер-фургондарды қоса алғанда, жаңалары | 8703 22 90, 8703 23 90, 8703 24 90, 8703 31 90, 8703 32 90, 8703 33 90, 8703 90-нан басқа) | 29.10.2 |
| 10 | Жүктерді тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары, жаңалары | 8704-тен (8704 21 390, 8704 21 990, 8704 22 990, 8704 23 990, 8704 31 390, 8704 31 990, 8704 32 990-нан басқа) | 28.92.29 29.10.41 29.10.42 |
| 11 | Жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатындардан басқа, арнайы мақсаттағы моторлы көлік құралдары (мысалы, авариялық жүк автомобильдері, автокрандар, өрт сөндіру көлік құралдары, автобетонараластырғыштар, жолдарды тазалауға арналған автомобильдер, су құю-жуу автомобильдері, автошеберханалар, рентген қондырғылары бар автомобильдер), жаңалары | 8705-тен | 29.10.5 29.20.2 |

Ескерту: Тауарлар номенклатурасы Кеден одағы сыртқы экономикалық қызмет Тауар номенклатурасының кодтарына және Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуішіне (ЭҚ ӨЖ) сәйкес өнім кодымен де және атауымен де айқындалады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 133 қаулысымен бекітілген

## Еркін қойма аумағында өндірілген және осы аумақтан Қазақстан Республикасы аумағының қалған бөлігіне өткізілетін, өткізу бойынша айналымдары қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың тізбесі

| № | Атауы | КО СЭҚ ТН коды | ЭҚ ӨЖ коды |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Резервуарлар, цистерналар, бактар және ұқсас сыйымдылықтағы қара металдан жасалған әр-түрлі заттар үшін (сығылған және сұйытылған газдан басқа) сыйымдылығы 300 л-ден астам, қаптағыш немесе қызу шығармау немесе оларсыз, бірақ механикалық немесе жылу техникалары құрылғыларынсыз | 7309 00 100 0 7309 00 300 3 7309 00 590 0 | 25.29.11 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Қара металдан жасалған сығылған және сұйытылған газ үшін ыдыстар, өзге де, сыйымдылығы 1000 л немесе одан астам | 7311 00 990 0 | 25.29.12 |
| 3 | Оқ-дәрілерге арналған контейнерлер | 7326 90 980-ден | 25.99.29 |
| 4 | Бу қыздырғыштарымен су қазандары, кеме жабдықтарына арналмаған; бу қыздырғыштары және бу қазандарының бөлшектері, кеме жабдықтарына арналмаған | 8402 20 000 9 8402 90 000 9 | 25.30.11 25.30.13 |
| 5 | 8402 немесе 8403 тауар позициясының қазандарын қолдану үшін қосалқы жабдықтар (мысалы, экономайзерлер, бу қыздырғыштар, күйе жойғыштар, газ рекуператорлары) | 8404 10 000 0 8404 90 000 0 | 25.30.12 25.30.13 |
| 6 | Айналатын немесе поршеньге қайта түсетін қозғалысты ұшқын арқылы от алдыру, іштен жану қозғалтқыштары | 8407-дан (8407 10 000 0, 8407 29 000 0, 8407 34 300-ден басқа) | 29.10.11 29.10.12 29.10.13 |
| 7 | Қысымнан от алатын поршеньді іштен жану қозғалтқыштары (дизельдер немесе жартылай дизельдер), жаңалары | 8408 20-дан, 8408 90-нан 8409 99 000 -дан (8408 90 270 0-ден басқа) | 28.11.13 |
| 8 | Отын, май немесе іштен жану қозғалтқыштары үшін суыту сұйығына арналған сорғылар, жаңалары | 8413 30-дан | 28.13.11 |
| 9 | Ауыл шаруашылығы өнімдеріне арналған кептіргіштер, жаңалары | 8419 31 000 0 | 28.93.16 |
| 10 | Дистилляциялауға және ректификациялауға арналған аппараттар: өзге де | 8419 40 000 9 | 28.29.11 |
| 11 | Жылу алмастырғыштар | 8419 50 000 0 | 28.25.11 |
| 12 | Өзге де машиналар, агрегаттар және жабдық | 8419 89 989 0 | 25.29.60 |
| 13 | Бөліктер: өзге де | 8419 90 850 9 | 28.25.30 |
| 14 | Сұйықтықтарды немесе ұнтақтарды лақтыруға, шашыратуға немесе тозаңдатуға арналған (қолмен басқару тетігі бар немесе онсыз) механикалық құрылғылар, жаңалары | 8424 81-ден | 28.30.60 |
| 15 | Басқа да бұрғылау немесе өткін машиналары | 8430 41 000 8430 49 000 | 28.92.12 |
| 16 | Жер асты жұмыстарына арналмаған басқа да машиналар және өздігінен жүретін тетіктер | 8430 50 000 9 | 29.10.59 28.92.27 |
| 17 | 8430 41 немесе 8430 49 қосалқы позициясының бұрғылау немесе өткін машиналарының бөліктері | 8431 43 000 0 | 28.92.61 |
| 18 | Топырақты дайындауға және өңдеуге арналған ауыл шаруашылығы, бау-бақша немесе орман шаруашылығы машиналары, жаңалары | 8432-ден (8432 80 000 0-ден басқа) | 28.30.31 28.30.32 28.30.33 |
| 19 | Пресс-жинағыштарды қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарын жинауға немесе бастыруға арналған машиналар немесе | 8433 20-дан, 8433 30 000 0-дан, 8433 40 000-тан, 8433 51 000-ден, 8433 52 0000-ден, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тетіктер, сабанды немесе пішенді дестелерге буып-түюге арналған престер, пішен шалғылары, жаңалары | 8433 53-тен, 8433 59-дан | 28.30.59 28.30.91 |
| 20 | Жұмыртқаларды, жемістерді немесе басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін тазалауға, сұрыптауға немесе калибрлеуге арналған машиналар, жаңалары | 8433 60 000 0 | 28.93.20 |
| 21 | Ауыл шаруашылығына, бау-бақшаға, орман шаруашылығына, құс шаруашылығына немесе омарташылыққа арналған жабдық, механикалық немесе қыздырғыш құрылғылары бар тұқым өсіруге арналған жабдықты қоса алғанда; құс шаруашылығына арналған инкубаторлар мен брудерлер, жаңалары | 8436-дан (8436 91 000 0, 8436 99 000 0-ден басқа) | 28.30.84 28.30.86 |
| 22 | Тұқымдарды, астықты немесе құрғақ бұршақ дақылдарын тазартуға, сұрыптауға немесе калибрлеуге арналған машиналар; ауыл шаруашылық фермаларында пайдаланылатын жабдықтан басқа, ұн тарту өнеркәсібіне арналған немесе дәнді немесе құрғақ бұршақ дақылдарын өңдеуге арналған жабдық, жаңалары | 8437-ден (8437 90 000 0-ден басқа) | 28.93.20 |
| 23 | Сығу қондырғысымен жабдықталған машиналарды қоса алғанда, тұрмыстық немесе кір жуатын орындарға арналған кір жуғыш машиналар | 8450 | 29.71.13 |
| 24 | Трансмиссиялық біліктер (жұдырықшалы және иінділерді қоса алғанда) мен қос иіндер | 8483 10 | 28.15.22 |
| 25 | Дыбыс жазушы немесе дыбыс шығаратын аппаратуралар | 8519 50 000 0 8519 81 750 8519 89 900 0 | 32.30.31 32.30.32 |
| 26 | Магниттік таспада бейнежазғыш немесе бейнені қайта шығаратын көрсеткіш, бейнетюнермен құрамдас немесе құрамдас емес аппаратура | 8521 | 32.30.31 |
| 27 | Өзге де бейнежазғыш немесе бейнені қайта шығаратын көрсеткіш, бейнетюнермен құрамдас немесе құрамдас емес аппаратура | 8521 90 000 1 | 32.30.3 |
| 28 | Радиотелефон, радиотелеграф байланысына немесе радиохабарларын таратуға арналған бір корпусқа біріктірілген немесе біріктірілмеген қабылдау аппаратурасы | 8527 91 110 0 8527 19 000 0 8527 91 910 0 | 32.30.44 |
| 29 | Құрамына теледидар қабылдағыш аппаратурасы кірмейтін мониторлар және проекторлар; құрамына радиохабарларын кеңінен тарату қабылдағышы немесе дыбыс немесе бейне жазатын немесе шығаратын аппаратурасы кіретін немесе кірмейтін теледидар байланысына арналған қабылдағыш аппаратура | 8528 | 26.40.20 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 30 | Жанармай-электрлі локомотивтер | 8602 10 000 0 | 35.20.12 |
| 31 | Жылжымалы локациялық станциялар | 8705 90 900-ден | 29.10.59 |
| 32 | Танкілер және өзге де өздігінен жүретін брондалған соғыс көлік құралдары | 8710 00 000 0 | 30.40.10 |
| 33 | Ауылшаруашылық жұмыстарына және орман шаруашылығына арналған шынжыр бауырлы тракторлар | 8701 30 000 9 | 28.92.50 |
| 34 | Ауылшаруашылық жұмыстарына арналған тракторлар (қатар жүретін жүргізуші басқаратын тракторларды қоспағанда) және орман шаруашылығына арналған тракторлар, дөңгелекті, жаңалары | 8701 90-нан (8701 90 500 0-ден басқа ) | 28.30.21 28.30.22 |
| 35 | Жүргізушіні қоса алғанда 10 немесе одан көп адам тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары, жаңалары | 8702-ден (8702 10 19, 8702 10 99, 8702 90 19, 8702 90 39-дан басқа) | 29.10.30 |
| 36 | Жеңіл автомобильдер және негізінен адамдарды тасымалдауға арналған өзге де моторлы көлік құралдары, жүк-жолаушы автомобильдер-фургондарды қоса алғанда, жаңалары | 8703-тен (8703 10, 8703 21 90, 8703 22 90, 8703 23 90, 8703 24 90, 8703 31 90, 8703 32 90, 8703 33 90, 8703 90-нан басқа) | 29.10.2 |
| 37 | Жүктерді тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары, жаңалары | 8703-тен (8703 10, 8704 21 390, 8704 21 990, 8704 22 990, 8704 23 990, 8704 31 390, 8704 31 990-нан басқа) | 28.92.29 29.10.41 29.10.42 |
| 38 | Жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатындардан басқа, арнайы мақсаттағы моторлы көлік құралдары (мысалы , авариялық жүк автомобильдері, автокрандар, өрт сөндіру көлік құралдары, автобетонараластырғыштар, жолдарды тазалауға арналған автомобильдер, су құю-жуу автомобильдері, автошеберханалар, рентген қондырғылары бар автомобильдер), жаңалары | 8705-ден | 29.10.5 29.20.2 |
| 39 | 8703 тауар позициясының моторлы көлік құралдарына арналған қозғалтқыштар орнатылған шассилер, жаңалары | 8706 00 910 | 29.10.44 |
| | Ауыл шаруашылығына арналған өздігінен жүк тиейтін немесе өздігінен жүк түсіретін | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 40 | тіркемелер мен жартылай тіркемелер, жаңалары | 8716 20 000 0 | 2 8 . 3 0 . 7 0<br>29.20.2 |
| 41 | Ғарыштық мақсаттағы зымырандардың старттық кешендеріне арналған жабдық | 8805 10 100 0 | 28.99.39 |
| 42 | Өзі жүретін артиллериялық қару | 9301 10 000 0 | 25.40.11 |
| 43 | Зымырандық ату қондырғылары және ұқсас ату қондырғылары | 9301 20 000 0 | 25.40.11 |
| 44 | Зымырандық ату қондырғыларынан басқа, соғыс қару-жарақтары | 9301 90 000 0 | 25.40.11 |
| 45 | Бомбалар, гранаталар, су асты миналары, миналар, ракеталар және әскери қимылдарды енгізу үшін ұқсас шаралар, олардың бөлшектері; оқтар, басқа да оқ-дәрілер, снарядтар және олардың бөлшектері, бытыра және басқа да оқтар үшін бытыралар енгізу | 9306 90 100 0 | 25.40.13 |
| 46 | Басқа оқ-дәрілер және олардың бөліктері | 9306 90 900 0 | 25.40.13 |

Ескерту: Тауарлар номенклатурасы Кеден одағы сыртқы экономикалық қызмет Тауар номенклатурасының кодтарына және Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуішіне (ЭҚ ӨЖ) сәйкес өнім кодымен де және атауымен де айқындалады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 19 қаңтардағы
№ 133 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес айқындалған, "Еркін қойма" кеден режимі қолданылатын аумақта өндірілген және Қазақстан Республикасы кеден аумағының қалған бөлігіне сатылатын, сату бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылатын қазақстандық тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі № 355 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2005 ж. № 16, 193-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі № 355 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 шілдедегі № 791 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2005 ж. № 31, 421-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі № 355 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 453 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2006 ж. № 19, 185-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 наурыздағы № 221 қаулысының 1-тармағының 3-тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2008 ж. № 12-13, 120-құжат)

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі № 355 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 1301 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2008 ж. № 47, 528-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі № 355 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 мамырдағы № 637 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж. № 22-23, 198-құжат).

7. "Тауарларды еркін қойма кедендік рәсімінде еркін қойма аумағында өндірген және осы аумақтан Қазақстан Республикасы аумағының қалған бөлігіне өткізген кезде олардың сәйкестік өлшемдері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 карашадағы № 1178 қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК